

Исакова Ирисой Зулпихаровна

Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс магистранты, ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент м.а. Исманова Р.Ж.

Шымкент, Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ ТОПТАРДАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бастауыш сыныпта инклюзивтік білім беру үдерісі кезінде баламен және оның ата-аналарымен бірлестік, білім алу орталарын ұйымдастыруда психологиялық жайлылыққа жағдай жасау, баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу инклюзивтік оқытудың ең басты шарты. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім білік дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын бастауыш сынып мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау.
2. Тәрбиесіндегі кемістігін жою.
3. Сабақты жүйелі жоспарлау.

Мүмкіндігі шектеулі баланың бастауыш мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындығын байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаға сабақ беретін бастауыш сынып мұғалімі алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойының, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алуға болады. Ұйымдастыру барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын, саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Инклюзивтік оқыту бастауыш сыныптарда білім беру ұйымдарының бұйрығымен әр балаға оқытудың сай түрлерінің қажеттілігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерімен ашылады. Ақыл және дене дамуының кемшілігінің байқалу дәрежесіне байланысты әр балаға өз екіпінде даму құқығы берілуі керек. Ерекше қажеттілікті қажет ететін балалар жалпы білім мектептерінің бағдарламасын толық немесе толық емес ауқымды алулары керек. Қазіргі кездегі Қазақстандық қоғамдағы жеке тұлғаға деген қызығушылықтың жоғарлауы бала құқығы туралы мәселелерді қарастыруға, мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік психикалық және медициналық-педагогикалық көмек көрсетумен және оны зерттеу мәселесіне байланысты жаңа мәселелерді белсенді қарауға мүмкіндік береді.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептің ортасына еңгізу жекелеген фактілер мен тәжірибелер түрінде жүзеге асырылып жатыр.

Болашақта инклюзивтік білім беру жүйесін дамытуда қойылған міндеттерді шешу үшін мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын, мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесін әзірлеу жоспарлануда, әртүрлі бұзушылықтары бар балалар үшін кіріктіру нысандары анықталуда, қашықтықтан білім беруді ұйымдастырылуда. Инклюзивтік бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне яғни бастауыш сыныптарға еңгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен бірге, инклюзивтік оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Бастауыш сыныпта инклюзивтік білім беру – барлық балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивтік оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай

оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады.

Қалай десек те, бастауыш сыныпта инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру тиімді түрде жүзеге асыруда кездесетін кедергілер мен қиындықтар жетерліктей. Ол жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Бүгінгі мектеп педагогтары жалпы білім беретін бастауыш сыныптарында мұндай категориялы балаларды оқытудың нақты тәсілдерін әлі білмейді.

Инклюзивтік білім беру жағдайында балаларды оқытуда идеологиялық ұстаным қалаптастыру үшін білім берудің барлық буындары мен қоғам бірігіп іс-әрекет жасағанда елеулі табыстарға жетеміз. Яғни, ең бастысы, бала дамуындағы кемтарлықты тауып беру емес, оның білім алуы мен әлеуметтік қалыптасуының негізіне айналатын ішкі мүмкіндіктерін айқындап білу маңыздылығын ескергеніміз жөн.

Қорыта келе, бүгінгі күні мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерге кіріктіруді басатауыш сыныптардан бастай отырып, қоғамның көпшілік бөлігінің күшеттерін біріктіру маңызды деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісін ұйымдастыру мәселесі// «Орталық Қазақстандағы жоғары педагогикалық білімнің дамуы: тарихы, міндеттері, келешегі» ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 2013. – 297 бет.

2. Организационные основы формирования позитивной культуры инклюзивной школы: Методические рекомендации/ под ред. А.А.Айдарбековой, Л.Х.Ермекбаевой, Г.С.Дербисаловой, З.Р.Самигулиной. – Алматы: Национальный научно-практический центр коррекционной педагогики, 2013. – 95 с.